8D01301 -«Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған
Жанкушков Бауыржан Оразаевичтің
«Электронды ресурстар арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшінің

ПІКІР

Б.О.Жанкушковтың «Электронды ресурстар арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациялық жұмысы қазіргі жоғары педагогикалық білім беру жүйесі үшін өзекті ғылыми-педагогикалық мәселеге арналған.

Қазіргі білім беру кеңістігінің қарқынды цифрлануы болашақ педагогтердің кәсіби қызметінде цифрлық технологияларды мақсатты, тиімді және қауіпсіз пайдалана алуын талап етеді. Әсіресе бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау үдерісінде цифрлық құзыреттілікті қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздерін жетілдіру ерекше маңызға ие. Осы тұрғыдан алғанда, диссертацияда қарастырылған электронды ресурстардың мүмкіндіктерін пайдалану арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі уақыт талабына сай келеді.

Зерттеу барысында автор «электронды ресурстар», «цифрлық құзыреттілік» ұғымдарының мәні мен мазмұнын теориялық тұрғыдан талдап, оларды зерттеу мақсатына сәйкес нақтылаған. Отандық және шетелдік ғылыми еңбектерді зерделеу негізінде мәселенің теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып, цифрлық құзыреттіліктің мотивациялық, мазмұндық (когнитивтік-операциялық) және рефлексиялық компоненттері негізделген.

Диссертациялық жұмыстың маңызды нәтижелерінің бірі – электронды ресурстар арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделінің әзірленуі. Ұсынылған модель зерттеудің мақсаты, әдіснамалық тұғырлары, мазмұны, қалыптастыру кезеңдері мен нәтижелік көрсеткіштерін өзара байланыстыра отырып қарастыруға мүмкіндік береді.

Автор зерттеудің теориялық нәтижелерін практикалық тұрғыдан іске асыруға да ерекше мән берген. Атап айтқанда, болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған EduQuiz интерактивті авторлық платформасы, «Digital Quest: Мұғалім 4.0» кәсіби квест-платформасы және AI-assisted Lesson Design авторлық жобалау жүйесі әзірленіп, тәжірибелік-эксперимент барысында апробацияланған. Бұл әзірлемелер зерттеу нәтижелерінің практикалық құндылығын арттырады.

Зерттеудің тәжірибелік-эксперименттік бөлігі жүйелі ұйымдастырылып, анықтау, қалыптастыру және бақылау кезеңдері өзара сабақтастықта жүзеге асырылған. Эксперименттік және бақылау топтарындағы нәтижелерді салыстыру арқылы ұсынылған әдістеменің тиімділігі анықталған. Зерттеу нәтижелерін сандық және сапалық тұрғыдан талдау автордың ғылыми қорытындыларының негізділігін қамтамасыз етеді.

Диссертация авторының ғылыми ізденісі оның жарияланымдарынан да көрініс табады. Зерттеу нәтижелері бойынша Scopus деректер базасына енгізілген басылымда және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда мақалалар жарияланған, сондай-ақ халықаралық ғылыми конференцияларға қатысып, зерттеу нәтижелері апробациядан өткізілген.

Б.О.Жанкушковтың диссертациялық жұмысы өзекті тақырыпты жүйелі түрде зерттеуімен, ғылыми-теориялық негіздерінің жеткілікті деңгейде айқындалуымен, авторлық әдістемелік шешімдерімен және тәжірибелік нәтижелерімен ерекшеленеді. Зерттеу барысында қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес ғылыми нәтижелер алынған, диссертацияның ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы негізделген.

Автор зерттеу мәселесін өз бетінше ғылыми тұрғыдан талдай алатынын, теориялық материалды жүйелей және оны педагогикалық тәжірибемен байланыстыра алатынын көрсетті. Диссертациялық жұмысты орындау барысында Б.О.Жанкушков ғылыми-зерттеу мәдениеті, жауапкершілік, ізденімпаздық және кәсіби бағыттылық танытты.

Қорытындылай келе, Б.О.Жанкушковтың «Электронды ресурстар арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы аяқталған ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады және оның мазмұны мен нәтижелері философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылатын диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келетінін ескере отырып, диссертациялық жұмысты диссертациялық кеңесте ашық қорғауға ұсынуға болады.

Отандық ғылыми жетекші:
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор

«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ»
КАДР САЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫ
УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ

РАСТАЙМЫН: «Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ
КАДР САЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ
ЗАВЕРЯЮ: **А.С.Амирова**
УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ
НАО «КазНПУ им.Абая»
ҚОЛЫ
ПОДПИСЬ